

«Қарлығаш» бөбекжайы

04 - 05

*Педагогикалық кеңестің
хаттамалары және
олардың құжаттары*

Ленгір қаласы

Педагогикалық кеңестің хаттамалары

№1 хаттама Жаңа оқу жылы

Өткізілген орны: "Қарлығаш" бөбекжайы

Өткізілген күні: 31.08. 2022 жыл.

Педкеңес мүшелерінің барлығы: 16 адам

Қатысқаны: 16 адам

Қатыспағандар саны: жоқ

Қатысқандар: Бөбекжай меңгерушісі Э.Д.Буркитбаева, әдіскер, музыка жетекшісі, медбике, шаруа меңгерушісі, психолог және балабақша тәрбиешілері және тәрбиеші көмекшілері

Педкеңестің басталуы: 13.20.

Жұмыстың аяқталуы: 14.50.

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен және 2022 – 2023 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатпен және Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысымен таныстыру

2. 2022 -2023 жаңа оқу жылының жұмыс жоспарын бекіту.

3 .Бөбекжайдағы топтардың жасына қарай музыка, дене шынықтыру оқу қызметінің кестесін, перспективалық жоспарды,күн тәртібін және үлгілік оқу жоспарын бекіту.

4. Жаңа оқу жылына топтардың жұмысын ұйымдастыруға дайындық» атты тақырыптық тексеру қорытындысы.

5. Мемлекеттік ЖМБС стандарты бойынша барлық топта дамытушы ортаны құру сапасын талдау.

Қаулылармен таныстыру 15 минут. Жарыссөзге шығу 15 минут. Анықтама беру 15 минут.

Жалпы уақыт: 1 сағат 30 минутта кеңес отырысын аяқтау

Сөйледі: Педагогикалық кеңесті бөбекжай меңгерушісі Буркитбаева Эльмира Дәулетқызы ашып беріп, педагогикалық қызметкерлерді жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады. Күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі қаралатын бірінші мәселе бойынша бөбекжайдың әдіскері Тасымбекова Қарлыға Нахыпбекқызы сөйлеп, Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен және 2022 – 2023 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатпен және Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысымен таныстырды. Жаңа стандартта оқу қызметтерін өткізуде көп өзгерістер енгізілгенін түсіндіріп, ұйымдастырылған іс – әрекеттің қалай жүргізілетіні туралы айтты. Апталық жүктемелер болмайтынын, балалармен ойын түріндегі іс – әрекеттер өткізу жайлы түсіндірді. Мектепке дейінгі тәрбиелеу

мен оқытуды дамыту моделінде де не туралы айтылғаны, қандай бағыттар берілгені жайлы айтып, түсіндіру жұмысын жүргізді. Биылғы оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатта жаңа стандарт пен модель бойынша жұмыс жүргізуіміз керектігі айтылғанын, ұйымдастырылған іс – әрекеттерді ойын түрінде, сонымен қатар жаңа технологиялар қолдану арқылы өткізуге тапсырма берді.

Жарыссөзге шыққандар: тәрбиеші Мырзакулова Зарафшан іс - әрекетті ойын түрінде өтудің жолдары туралы сұрақ қойды.

Сөйледі: әдіскер Тасымбекова Қарлыға Нахыпбекқызы сөйлеп, ойын түріндегі ұйымдастырылған іс – әрекет туралы сұраққа жауап беріп, үлгілік оқу бағдарламасындағы міндеттер бойынша перспективалық жоспар құрылатынын, міндеттерді орындау үшін балаларды ойната отырып, балаларды дамытып, күнделікті іс – әрекеттерді кіріктіріп өту керектігін айтты. Ұйымдастырылған іс – әрекетке жүктеме, сабақ кестесі болмайтынын түсіндірді.

Тәрбиеші Оралбекова Зәуреш сөйлеп, ойын аймақтарын толықтыруға, тағы да жаңа ойыншықтар қосуға ұсыныс айтты. Бұл ұсынысты педагогтар түгел қолдады.

Тыңдалды: Күн тәртібінде қаралатын екінші мәселе бойынша бөбекжайдың меңгерушісі Буркитбаева Эльмира Дәулетқызы сөйлеп, бөбекжайдың 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен таныстырды. Жылдық жоспардың мақсат, міндеттерімен және атқарылатын оқу тәрбие жұмыстарының мазмұнымен, ашық оқу қызметтерінің, ертеңгіліктердің, баяндама, кеңестер, шебер сыныптардың тақырыптарымен таныстырып, айтып өтті. Биылғы оқу жылында жаңа стандартпен оқу қызметтерін өткізуге әдістемелік көмек ретінде шебер сыныптар тақырыптары қосылғанын айтты. Педагогтар танысып болған соң, бірауыздан бекітуге ұсыныс айтты.

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша әдіскер Тасымбекова Қарлыға Нахыпбекқызы сөйлеп, балабақшадағы топтардың жасына қарай тек қана мектепалды даярлық тобының іс – әрекет кестесімен, перспективалық жоспармен, күн тәртібімен таныстырып бекітуге ұсыныс айтты. Сонымен қатар апталық циклограмма жазу үлгісіне тоқталып, айтып өтті.

Жарыссөзге шыққандар: тәрбиеші Оразымбетова Дидар сөйлеп, ұйымдастырылған і – әрекет кестесі болмаса, онда күнделікті оқу қызметін қалай үлгеруге болады деген сұрақ қойды.

Тәрбиеші Суленова Айгүл сөйлеп, кіріктіріп өткенге «Тәй – Тәй» технологиясына ұқсатып, ойын аймақтарын жасап, дамытушы ортаға ойындарға арналған материалдар жасайық деген ұсыныс айтты.

Әдіскер Тасымбекова Қарлыға Нахыпбекқызы сөйлеп, «Түрлендірілген, кіріктірілген дидактикалық ойындар » байқауын ұйымдастырайық деген ұсыныс айтты. Ұсыныстарды педагогтар қолдап, пікір білдірді.

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша медбике Садыходжаева Раушан сөйлеп, жаңа оқу жылына топтардың жұмысын ұйымдастыруға дайындық» атты тақырыптық тексеру қорытындысын айтты. Топтардың жұмысында санитарлық талаптар сақталу үшін әр топта жүргізілген дайындық жұмыстарының қандай дәрежеде орындалып тұрғаны туралы анықтама берді. Талап бойынша дезинфекциялау және жуу құралдарының, антисептиктердің, жеке қолдану құралдарының толық болуы қамтамасыз етілді. Топтардың, асхананың, бөбекжай ғимаратының басқа жұмыс бөлмелерінде дайындық жұмыстары жақсы деңгейде екенін айтты.

Жарыссөзге шыққандар: бөбекжайдың меңгерушісі Буркитбаева Эльмира Дәулетқызы сөйлеп, тазалық талаптары туралы айтты.

Тыңдалды: Күн тәртібінде қаралатын бесінші мәселе бойынша әдіскер Тасымбекова Қарлыға Нахыпбекқызы сөйлеп, Мемлекеттік ЖМБС стандарты бойынша барлық топта дамытушы ортаның жинақталуы туралы сөйледі. Балалардың жан – жақты дамып, өсуіне дамытушы ортаның толық жабдықталуының маңызы зор екенін айта келе, ойын бұрыштарының, кітап бұрышы, ұлттық бұрышы, дамытушы ойыншықтар бұрыштарының толық емесін айтып, жаңалап толықтыруға ұсыныс айтты.

Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен және 2022 – 2023 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатпен және Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысында көрсетілген талаптар орындалсын.
2. 2022-2023 жаңа оқу жылының жұмыс жоспары бекітілсін.
3. Бөбекжайдағы топтардың жасына қарай музыка, дене шынықтыру оқу қызметінің кестесі, перспективалық жоспар, күн тәртібі және үлгілік оқу жоспары бекітілсін.
4. Жаңа оқу жылына топтардың жұмысын ұйымдастыруға дайындық» атты тақырыптық тексеру қорытындысы жақсы деп бағаланып, санитарлық талаптарды сақтау бойынша жұмыстар жалғастырылсын.
5. Мемлекеттік ЖМБС стандарты бойынша барлық топта дамытушы ортаны құру дидактикалық материалдармен толықтырылсын.

Педагогикалық кеңес төрайымы:
Хатшы:




Э.Д.Буркитбаева
Қ.Н.Тасымбекова

3 парак
Бекітілген
Беттелген
Мөрленген

Бөбекжай
меңгерушісі:

Э.Д.Буркитбаева



Педагогикалық кеңестің хаттамалары

№2 хаттама

Өткізілген орны: "Қарлығаш" бөбекжайы

Өткізілген күні: 30.11. 2022 жыл.

Педкеңес мүшелерінің барлығы: 16 адам

Қатысқаны: 16 адам

Қатыспағандар саны: 0 Себепті: 0 Себепсізі: жоқ

Қатысқандар: Бөбекжай меңгерушісі Э.Д.Буркитбаева, әдіскер, музыка жетекшісі, медбике, шаруа меңгерушісі, психолог және балабақша тәрбиешілері және тәрбиеші көмекшілері

Педкеңестің басталуы: 13.20.

Жұмыстың аяқталуы: 14.40.

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

Физикалық қасиеттер құзыреттілігін дамыту

- 1.Өткен педагогикалық кеңестің шешіміне есеп
2. Дамытушы заттық-кеңістік ортаның және ойын аймақтарының жабдықталуы бойынша байқаудың қорытындысы
3. Тақырыптық бақылау «Дене шынықтыру іс – әрекетінің өткізілу барысы» Кіші, Ортаңғы, Ересек, Мектепалды даярлық топтарында
4. Шебер сынып. "Балаларды жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу үшін дамытушы орта құру"
5. Психологиялық тренинг. Педагогтар арасында жағымды психологиялық жағдай

Тыңдалды: Педкеңесті бөбекжай меңгерушісі Буркитбаева Элмира Дәулетқызы ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

Сөйледі: Бөбекжайдың әдіскері Тасымбекова Қарлыға Нахыпбекқызы күн тәртібіндегі бірінші мәселе өткен педкеңес шешімдерінің орындалуы туралы ақпарат беріп, шешімдері орындалғанын айтты.

Сөйледі: Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша бөбекжай меңгерушісі Буркитбаева Элмира Дәулетқызы сөйлеп, Дамытушы заттық-кеңістік ортаның және ойын аймақтарының жабдықталуы және таңертеңгілік жаттығулар кешенінің, сергіту жаттығулар, ұйқы ашар, сергіту жаттығулар жиынтығының жинақталуы бойынша қорытынды жасады. Дамытушы заттық-кеңістік ортаның және ойын аймақтарының барлық топтарда толықтыруды қажет ететінін айтып, бала санына спорттық құрал – жабдықтардың жеткілікті емес екенін айтты. Тәрбиешілердің өздері кейбір құралдарды, жалаушаларды, таяқшаларды, түймелі кедір – бұдырлы кілемшелерді қолдан жасауға болатыны жайлы ұсыныс айтты. Таңертеңгілік жаттығулар кешенінің, сергіту жаттығулар, ұйқы ашар, сергіту жаттығулар жиынтығының жинақталуы жақсы екенін атап өтті.

Жарыссөзге шыққандар: тәрбиеші Оралбекова Зәуреш сөйлеп, спорттық құрал – жабдықтардың кейбіреулерін қолдан жасау жақсы ой екенін айтып қолдады.

Әдіскер Тасымбекова Қарлығаш спорттық құрал – жабдықтарға, дидактикалық материалдарға аудандық білім бөліміне сұраныс берсек деген ұсыныс айтты. Таңертеңгілік жаттығулар кешенінің, сергіту жаттығулар, ұйқы ашар, сергіту жаттығулар жиынтығының жинақталуы жақсы дәрежеде жинақталғанын айтты. Айтылған ұсыныстарды педагогтар түгел қолдады.

Сөйледі: Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша әдіскер Тасымбекова Қарлығаш Ортаңғы, Ересек, Мектепалды даярлық топтарында «Дене шынықтыру іс - әрекетінің өткізілу барысы» атты тақырыптық бақылаудың қорытындысы туралы айтты. Дене шынықтыру қызметі барлық топтарда аптасына 3 сағат жоспарланған деді. Жоспар, кесте бойынша іс - әрекеттері өтілуде және балалардың спорттық формалары ата – аналардың көмегімен жинақталған, әр баланыкі өз қалтасында салынып тұрғанын айтты. Дене шынықтырудың өткізілу тәртібіне бақылау жүргізгенімде тәрбиешілер оқу қызметінің құрылымын біледі, тәрбиеші де, балаларда спорттық форма киді, негізгі қимылды үйреткенде қауіпсіздік ережесін сақтап, тәрбиеші көмекшісі екеуі бірге жүргізді деді. Ал кемшілік жіберілген, мыс: форма толық болмай қалған, секіру жаттығуының өлшем мөлшері сақталмай қалған, ескі негізгі қимыл қайталанбай тұрып, жаңа қимылды үйретуді бастаған тәрбиешілерге сол уақытында ескерту айтылып, анықтамаға жазылды деді.

Жарыссөзге шыққандар: медбике Садыходжаева Раушан бала денсаулығына дене шынықтыру кезінде салмақ салынбау туралы айтып, оқу қызметтеріне жақсы өтіліп жатыр деп өз пікірін білдірді.

Меңгеруші Буркитбаева Элмира Дәулетқызы дене шынықтыру бойынша тақырыптық бақылау туралы және оқу қызметтерінің өтілуіне жақсы деген баға беретінін айтты.

Сөйледі: Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша әдіскер Тасымбекова Қарлығаш "Балаларды жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу үшін дамытушы орта құру" тақырыбында шебер сынып өткізді. Заттық-кеңістіктік дамытушы орта – бұл баланың психикалық қауіпсіздігіне, оны дамыту мақсаттарына сәйкес кеңістікті ұйымдастыру және баланың өз бетінше үйрену қабілетін дамытуға оң ықпал ететін құрал жабдықтар мен басқа да жарақтарды пайдалану болып табылатынын, яғни дамытушы орта баланы жан – жақты дамытатын құрал – жабдықтармен толық жабдықталуы қажет. Өзін қызықтыратын қабілеттері мен мүмкіндіктерін қолданып, ойын материалдарымен ойнауға мүмкіндік беруі тиіс. Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаға қойылатын жалпы талаптарды атап өтті. Педагогтар дамытушы қалай, қандай ойыншықтармен толықтыруға болатыны жайлы пікір алмасты.

Жарыссөзге шыққандар: тәрбиеші Суленова Айгүл сөйлеп, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бойынша негізгі әдісіміз ойын әдісі болғандықтан,

әрі биылғы оқу жылындағы іс – әрекеттерде балаларды ойната отырып, дамытуымыз керек болып отыр. Сондықтан ойын аймақтарын әр – түрлі дамытушы ойыншықтармен жабдықтап және бағдарламадағы міндеттерді орындау үшін қолдан жасап отырмыз, тағы да толықтырамыз деген жоспарларымен бөлісті.

Сөйледі: Күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша педагог – психолог Амирбекова Мейргул педагогтар арасында жағымды психологиялық жағдай қалыптастыру мақсатында психологиялық тренинг өткізді. Педагогтар арасында психологиялық ойындар жүргізіп, жұмыс істеу қабілеттерінің жоғарылауына көмектесті.

Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. Өткен №1 педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы жақсы деп бағалансын.
2. Дамытушы заттық-кеңістік ортаның және ойын аймақтарының жабдықталуы бойынша байқаудың қорытындысы жақсы деп бағалансын. Толық жабдықталуы үшін түймелі кедір – бұдырлы жолдар, жалаушалар, таяқшалар жасалынсын және білім бөліміне спорттық құрал – жабдықтарға сұраныс берілсін, таңертеңгілік жаттығулар кешенінің, сергіту жаттығулар, ұйқы ашар, сергіту жаттығулар жиынтығының жинақталуы жақсы деп бағалансын.
3. «Дене шынықтыру іс – әрекетінің өткізілу барысы» атты тақырыптық тексеру қорытындысы жақсы деп бағаланып, ортаңғы топтағы балалардың спорттық формалары толықтырылсын. Толық жабдықталуы үшін түймелі кедір – бұдырлы жолдар, жалаушалар, таяқшалар жасалынсын. Таңертеңгілік жаттығулар кешенінің, сергіту жаттығулар, ұйқы ашар, сергіту жаттығулар жиынтығының жинақталуы жақсы деп бағалансын.
4. "Балаларды жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу үшін дамытушы орта құру" тақырыбындағы шебер сыныпта айтылған мәселелер оқу, тәрбие жұмыстарында қолданылсын.
5. Педагогтармен педагог- психолог жетекшілігімен тренингтер өткізу жалғастырылсын.

Педагогикалық кеңес төрайымы:
Хатшы:



Э.Д.Буркитбаева
Тасымбекова Қ.Н.

3 парак

Бекітілген
Беттелген
Мөрленген

Бөбекжай
менгерушісі:

Д.Б. Житбаева



Педагогикалық кеңестің хаттамалары

№3 хаттама

Өткізілген орны: "Қарлығаш" бөбекжайы

Өткізілген күні: 31.01.2023 жыл.

Педкеңес мүшелерінің барлығы: 16 адам

Қатысқаны: 16 адам

Қатыспағандар саны: 1 Себепті: 1 Себепсізі: жоқ

Қатысқандар: Бөбекжай меңгерушісі Э.Д.Буркитбаева, әдіскер, музыка жетекшісі, медбике, шаруа меңгерушісі, психолог және балабақша тәрбиешілері және тәрбиеші көмекшілері

Педкеңестің басталуы: 13.30.

Жұмыстың аяқталуы: 14.50.

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

№3 ПК Педагогикалық кеңес

Танымдық, әлеуметтік, шығармашылық, коммуникативтік - тілдік құзыреттілікті дамыту

1.Өткен педагогикалық кеңестің шешіміне есеп

2.Дөңгелек үстел

2022 жылғы 14 –қазандағы №422 бұйрығы қосымшасындағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын» оқып үйрену

3.Шебер сынып: «Ойын ойды өсіреді» ұйымдастырылған іс – әрекетте трансформацияланған ойын әдісін қолдану"

4.Балалардың жарты жылдық білімінің қорытындысы

5. Тренинг. "Стресс Менеджмент"Танымдық, әлеуметтік, шығармашылық, коммуникативтік - тілдік құзыреттілікті дамыту

Регламент: Дөңгелек үстел 40 минут. Жарыссөзге шығу 15 минут.

Шебер сыныпқа 15 минут. Анықтама беру 10 минут.Тренинг 10 минут

Жалпы уақыт: 1 сағат 30 минутта кеңес отырысын аяқтау

Сөйледі: Педкеңесті бөбекжай меңгерушісі Буркитбаева Элмира Дәулетқызы ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

Тыңдалды: күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжайдың әдіскері Тасымбекова Қарлыға Нахыпбекқызы сөйлеп, өткен педкеңес шешімдерінің орындалуы туралы ақпарат беріп, шешімдері орындалғанын айтты.

Сөйледі: Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша әдіскер Тасымбекова Қарлыға сөйлеп, 2022 жылғы 14 –қазандағы №422 бұйрығы қосымшасындағы бекітілген «Үлгілік оқу бағдарламасын оқып үйрену» тақырыбында бір – бірімізбен пікір алмасып, дөңгелек үстел өткізілетінін айтты.Биылғы жылғы өзгерістер жаңа стандарт бойынша өтпелі тақырыптар, оқу жүктемесі, білім беру салалары

болмайтыны және ұйымдастырылған іс – әрекеттерді ойын түрінде өткізу жайлы түсіндірді.

Жарыссөзге шыққандар: тәрбиешілер Оралбекова Зәуре, Байжарханова Фарида өздері тәрбиешілік қызмет атқаратын ортаңғы «Балауса» тобы бүлдіршіндері жас ерекшеліктеріне сай үлгілік оқу бағдарламасы бойынша қандай білім - біліктілік дағдыларын меңгерулері қажет екенін айтып берді.

Мектепалды даярлық «Балдырған» және «Балапан» тобының тәрбиешілері Абуова Ақмарал, Оразымбетова Дидар сөйлеп, өздері қызметтерін өткізетін балалармен үлгілік оқу бағдарламасы бойынша жас ерекшеліктеріне қарай қандай күтілетін нәтижелерге жету керектігі жайлы ерекшеліктерін атап өтті.

Тәрбиешілер Мырзакулова Зарафшан, Бегайдарова Айнұр ересек топтары бүлдіршіндеріне үлгілік оқу бағдарламасы бойынша нені меңгерту керек екені жайлы айтты.

Тәрбиешілер Асанбаева Асия, Шерімбетова Фарида ересек тобының үлгілік оқу бағдарламасының міндеттері жайлы сөйледі.

Дөңгелек үстелді қорытындылай келе жас ерекшеліктеріне сай үлгілік оқу бағдарламасы бойынша бүлдіршіндерге нені меңгерту керек екендіктері және міндеттері жайлы мәлімет алып, оқып үйренді.

Сөйледі: Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша әдіскер Тасымбекова Қарлығаш «Ойын ойды өсіреді» тақырыбында ұйымдастырылған іс – әрекетте трансформацияланған ойындарды өткізу бойынша шебер сынып өткізді. Шебер сыныбында әр – түрлі дидактикалық ойындар арқылы баланың танымдық қабілетін қалай, қандай ойындар қолдану туралы тәжірибе алмасты. Дидактикалық ойындарды ойната отырып, үлгілік оқу бағдарламасында көрсетілген міндеттерді орындап, балаларды ойын арқылы дамытуымыз керек екенін айтып өтті. Циклограммадағы күн тәртібі бойынша кез – келген уақытта бала сұрағына жауап беріп, бақылау жүргізіп, сөйлесіп оқыту жұмыстарын жүргізе береміз деді. Серуенде жүргенде асфальт бетіне әр түрлі суреттер салып тастасақ, бала далада ойнап жүріп, әйтпесе кетіп бара жатып, суреттердің үстінен әрі ойнайды, әрі дамиды деді. Мыс: сандардың үстінен секіріп ойнап, санның ретін білетінін және таңбасын танитынын айтты.

Жарыссөзге шыққандар: тәрбиеші Оралбекова Зәуреш сөйлеп, шебер сыныптың маңыздылығы, балаларды жан – жақты дамытудағы пайдасы көп екенін айтты. Ойындар балаға өте қызықты екенін айтып, баяндамашыға жақсы пікір айтты.

Тәрбиеші Бегайдарова Айнұр сөйлеп, шебер сыныптың өзінің педагогикалық жұмысына көмегін тигізгенін айтып алғыс білдірді.

Меңгеруші Буркитбаева Элмира Дәулетқызы сөйлеп, шебер сыныптың балаларды пайдасы көп екенін айта келе, тағы да қандай суретті тапсырмалар қосуға болатынына ұсыныс айтты. Баяндамада айтылған мәселелер тәрбиешілерге жақсы көмек болғанын айта келе, баяндамашының ізденісіне, баяндаманың құндылығына оң баға берді.

Түстері бойынша шарлардың суретін салып, оған математикалық есептер жазып қою, кеңістікті бағдарлауға бағыттар салу сияқты ұсыныстар айтты. Ұсынысты педагогтар қолдады.

Сөйледі: Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша әдіскер Тасымбекова Қарлығаш сөйлеп, бөбекжайдағы топ бүлдіршіндерінің жарты жылдық білімінің қорытындысын айтты. Бес білім беру саласы бойынша педагогтар бақылау парағын толтырып, білім деңгейлері анықталғанын айтты. Индикаторлар бойынша баға қойылып, үлгілік оқу бағдарламасын меңгеруі бойынша жеке даму карталары арналып, жеке жұмыстар жүргізілуде деді. Үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру пайызы Мектепалды даярлық «Балдырған» тобы 70%, Ересектер «Балапан» тобы 69%, ортаңғы «Балауса» 68%, Ортаңғы «Гүлдер» тобы 68%, ересек «Балдәурен» 67%, ересек «Балбөбек» тобы 64%, көрсетті деп айтты.

Жарыссөзге шыққандар: Меңгеруші Буркитбаева Элмира Дәулетқызы сөйлеп, балалардың бағдарламаны меңгерту ең маңызды мақсатымыздың бірі екенін айта келе, балалармен жеке, топтық жұмыстарды жоспар бойынша жоғары деңгейде жүргізе беруді тапсырды. Төмен деңгейдегі балалармен пән мұғалімдері, педагог-психолог жеке жұмыстар жүргізіп, деңгейін көтеру керек деді.

Сөйледі: Күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша педагог-психолог Амирбекова Мейргүл педагогтармен «Стресс Менеджмент» атты тренинг өткізді. Педагогтар арасында психологиялық ойындар жүргізіп, жұмыс істеу қабілеттерінің жоғарылауына көмектесті.

Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. Өткен №2 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы жақсы деп бағалансын.
2. 2022 жылғы 14 –қазандағы №422 бұйрығы қосымшасындағы бекітілген «Үлгілік оқу бағдарламасын» оқып үйрену жалғастырылсын.
3. «Ойын ойды өсіреді» ұйымдастырылған іс – әрекетте трансформацияланған ойын әдісін қолдану" тақырыбындағы шебер – сыныпта көрсетілген технологиялар ұйымдастырылған іс - әрекеттерде қолданылсын.
4. Балалар білімінің жарты жылдық қорытындысы «жақсы» деп бағаланып, төмен деңгейдегі балалармен педагогтардың жетекшілігімен жеке жұмыстар қосымша жүргізілсін.
5. Педагогтармен педагог-психолог жетекшілігімен тренингтер өткізу жалғастырылсын.

Педагогикалық кеңес төрайымы:
Хатшы:



Э.Д.Буркитбаева
Қ.Н.Тасымбекова

Педагогикалық кеңестің хаттамалары

№4 хаттама

Өткізілген орны: "Қарлығаш" бөбекжайы

Өткізілген күні: 28.03. 2023 жыл.

Педкеңес мүшелерінің барлығы: 17 адам

Қатысқаны: 17 адам

Қатыспағандар саны: 1 Себепті: 1 Себепсізі: жоқ

Қатысқандар: Бөбекжай меңгерушісі Э.Д.Буркитбаева, әдіскер, музыка жетекшісі, медбике, шаруа меңгерушісі, психолог және балабақша тәрбиешілері және тәрбиеші көмекшілері

Педкеңестің басталуы: 13.20.

Жұмыстың аяқталуы: 14.50.

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

Әлеуметтік, шығармашылық, құзыреттілікті дамыту

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешіміне есеп

2. Дөңгелек үстел. «Вариативтік оқыту арқылы мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың әдістемелері мен жаңаша технология тәсілдерін қолдану»

3. Шығармашылық тақырып:

«Ұлттық тағамдар»

4". Оқу - тәрбие жұмыстарының өткізілу барысы туралы

5. Дидактикалық ойындар картотекаларының көрмесі тақырыптық тексеру қорытындысы

Регламент: Дөңгелек үстел 20 минут. Жарыссөзге шығу 15 минут.

Шебер сыныпқа 15 минут. Анықтама беру 10 минут. Тренинг 10 минут

Жалпы уақыт: 1 сағат 10 минутта кеңес отырысын аяқтау

Сөйледі: Педкеңесті бөбекжай меңгерушісі Буркитбаева Элмира Дәулетқызы ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

Тыңдалды: күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжайдың әдіскері Тасымбекова Қарлыға Нахыпбекқызы сөйлеп, өткен педкеңес шешімдерінің орындалуы туралы ақпарат беріп, шешімдері орындалғанын айтты.

Сөйледі: Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша әдіскер Тасымбекова Қарлыға сөйлеп, «Вариативтік оқыту арқылы мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың әдістемелері мен жаңаша технология тәсілдерін қолдану» тақырыбында бір – бірімізбен пікір алмасып, дөңгелек үстел өткізілетінін айтты. Вариативтік бөлімге берілген сағаттарда балалардың қызығушылығына, қабілетіне қарай әр- түрлі бағытта топтық және жеке жұмыстар жүргізудің тиімді екенін айтып өтті.

Жарыссөзге шыққандар: тәрбиешілер Суленова Айгүл мен Мырзакулова Зарафшан сөйлеп, вариативтік бөлімде ұлттық құндылықтарды дамытуға көп тоқталып жүргендерін айтып, ұлттық зергерлік бұйымдар мен тәрбиесі зор нақыл сөздер тақырыптары

балалардың халықтық педагогикасы деген қызығушылықтарын оятып жүр деді.

Тәрбиешілер Оралбекова Зәуреш ұлттық ойындарды заманауи тәсілдермен жаңғыртып, түрлендіріп өткізіп, вариативтік бөлімде ойындар ойнатудың балаларды ойната отырып дамытуға көп пайдасы болып жатқаны туралы пікір алмасты.

Дөңгелек үстелді қорытындылай келе жас ерекшеліктеріне сай вариативтік бөлімде ұлттық құндылығымызды іс – әрекеттерге көбірек қолдануға қорытындылады.

Сөйледі: Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша бөбекжай тәрбиешісі Асанбаева Асия «Ұлттық тағамдар» әдістемесін ұйымдастырылған іс – әрекетке қолдану атты шығармашылық тақырыбы бойынша шебер сынып өтті.

Қазақ халқының ұлттық тағамдарымен балаларды таныстырып, қабылдау, ойлау қабілеттерін, зейінін дамытуға болатынын айтты. Ұйымдастырылған оқу қызметінде түрлі – түсті құрттарды санауға, түстерін ажырата білуге үйретсек, мүсіндеуде қол моторикасын дамытамыз деді. Ұлттық тағамдарын жасалу жолдарын педагогтарға көрсетті.

Жарыссөзге шыққандар: тәрбиеші Мырзақұлова Зарафшан шығармашылық тақырыбының құрттарды түрлі түске боялуы балалардың қызығушылығын оятатынын айтып, оқу қызметтеріне қолдансақ деген ойын айтты. Бұл ұсынысты педагогтар түгел қолдады. Әдіскер **Тасымбекова Қарлығаш** шебер сыныпта айтылған мәселелер тәрбиешілерге жақсы көмек болғанын айта келе, тәрбиешінің ізденісіне оң баға берді.

Сөйледі: Күн тәртібіндегі төртінші мәселе оқу - тәрбие жұмыстарының өткізілу барысы туралы бөбекжайдың әдіскері Тасымбекова Қарлыға Нахыпбекқызы сөйледі. Ұйымдастырылған іс - әрекеттері мен тәрбиелік іс-шаралардың барысын бақылау туралы айтты. Бақылау педагогикалық қателіктердің алдын алу және кемшіліктерді жою үшін жүргізілетінін айта келе, күнделікті ұйымдастырылған іс - әрекеттерінің өткізілуін бақылап жүргенін айтты. Оқу қызметтері оқу қызметтерінің кестесіне сай барлық топта өткізілуде. Алайда кейбір тәрбиешілердің оқу қызметіне дайындығы төмен болған жағдайлар кездеседі. Ол тәрбиешіге сол уақытта ұсыныс, ескерту айтылады деп, оқу қызметтерінің өткізілу барысы туралы айтты.

Сөйледі: Күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша меңгеруші Буркитбаева Элмира Дәулетқызы сөйлеп, дидактикалық ойындар картотекаларының көрмесі тақырыптық тексеру қорытындысы туралы айтты. Дидактикалық ойындар жиынтығының картотекасын әр топ тәрбиешілері жас ерекшеліктеріне сай дайындағанын және ойын шарттары нөмірленіп, қолданылатын құрал – жабдықтары папкаларға салынып ұқыптылықпен дайындалғанын айтты. Мектепке дейінгі ұйымдардағы жүргілетін оқу- тәрбие жұмыстарында ойын әдісінің маңыздылығын айта

келе, картотекаларға оң баға берді. Кейбір ойын құралдарының толық еместігіне толықтыруға ұсыныс айтты.

Жарыссөзге шыққандар: әдіскер Тасымбекова Қарлығаш сөйлеп, көрмеге қойылған дидактикалық ойындарға жақсы деген баға беріп, әлі де толықтыруды және жаңаша ойындар қосуды айтты.

Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. Өткен №3 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы жақсы деп бағалансын.
2. Вариативтік оқыту арқылы мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың әдістемелері мен жаңаша технология тәсілдері ұйымдастырылған іс – әрекеттерге қолданылсын.
3. «Ұлттық тағамдар» шығармашылық тақырыбы бойынша жұмыстар жалғастырылсын.
4. Оқу - тәрбие жұмыстарының өткізілу барысы жақсы деп бағалансын.
5. Дидактикалық ойындар картотекаларының көрмесі тақырыптық тексеру қорытындысы жақсы деп бағалансын.

Педагогикалық кеңес төрайымы:
Хатшы:



Э.Д.Буркитбаева
Қ.Н.Тасымбекова

**Педагогикалық кеңестің хаттамалары
№5 хаттама**

Өткізілген орны: "Қарлығаш" бөбекжайы

Өткізілген күні: 31.05. 2023 жыл.

Педкеңес мүшелерінің барлығы: 17 адам

Қатысқаны: 16 адам

Қатыспағандар саны: 1 Себепті: 1 Себепсізі: жоқ

Қатысқандар: Бөбекжай меңгерушісі Э.Д.Буркитбаева, әдіскер, музыка жетекшісі, медбике, шаруа меңгерушісі, психолог және балабақша тәрбиешілері және тәрбиеші көмекшілері

Педкеңестің басталуы: 13.20.

Жұмыстың аяқталуы: 14.50.

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

- 1.Өткен педагогикалық кеңестің шешіміне есеп
- 2.2022 - 2023 оқу жылының қорытындысы
3. Балалардың негізгі күзіреттілігін қамтамасыз ету мониторинг қорытындысы
- 4.Педагогтардың біліктілік санатына өтініштерін қабылдау
- 5.Жазғы сауықтыру іс-шараларының жоспарын талдау, бекіту

Сөйледі: Педагогикалық кеңесті бөбекжай меңгерушісі Буркитбаева Элмира Дәулетқызы ашып, күн тәртібіндегі қаралатын мәселермен таныстырды.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша №4 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы туралы сөйлеп, қорытындылады.

Бөбекжайда оқыту және тәрбиелеу жұмыстары мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы бойынша жүргізіліп жатқанын айтып өтті.

Тыңдалды : күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері Тасымбекова Қарлыға сөйлеп, 2022-2023 оқу жылында жүргізілген оқу - тәрбие жұмыстарының қорытындысы туралы айтты. Оқу жылында педагог кадрлармен, балалармен жүргізілген жұмыстар жылдық жұмыс жоспары бойынша толық өткізілді. Педагогикалық кеңестер, әкімшілік кеңес, өндірістік жиналыс, жалпы ата – аналар жиналыстары өткізіліп, күн тәртібіндегі мәселелер қаралып, талқыланды. Оқу жылына алынған мақсаттар мен міндеттер бойынша педагогтар :баяндамалар, кеңестер оқып, тренингтер жүргізіп, ашық ұйымдастырылған іс - әрекеттер, қорытынды ұйымдастырылған іс - әрекеттер, ертеңгіліктер, ойын-сауықтар өткізіп жоспарға сай жұмыстар жүргізгенін айтып өтті. Күнделікті ұйымдастырылған іс - әрекеттер өткізіліп, білік – білім дағдыларының индикаторлары жасалынғанын және тәрбиешілер мен балалар аудандық, облыстық деңгейде өткізілген байқауларға, жетістіктерге жеткені жайлы қорытындылады. Атап айтқанда «Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогы» атты республикалық байқауының аудандық деңгейіне тәрбиеші

Мырзакулова Зарафшан, «Мен зерттеушімін» атты республикалық мектепке дейінгі жастағы Кітап бұрышын ұйымдастыруда Ересек жастағы балаларға арналған номинация бойынша «Балаларға базарлық» аудандық байқауына Суленова Айгүл, педагог – психологтардың «Ең үздік тренинг -2023» тақырыбындағы онлайн форматтағы байқауына Амирбекова Мейргүл, «Қызыққа толы сәттер» жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру туралы фото, бейнесюжеттер байқауына Бегайдарова Айнұр қатысып, жүлделі орындар иеленген болса, аудандық «Балабақша аруы - 2023» атты аудандық байқауына бөбекжай бүлдіршіні Әсет Айзере, жетекшісі музыка жетекшісі Бекишева Гулмира қатысып, жүлделі үшінші орын иеленгенін айтты.

Жарыссөзге шыққандар: бөбекжай меңгерушісі Буркитбаева Элмира Дәулетқызы сөйлеп, биылғы 2022-2023 оқу жылындағы атқарылған жұмыстарға «жақсы» деген баға беріп ,педагогтарға шығармашылық ізденіс пен табыс тіледі.

Сөйледі : күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері Тасымбекова Қарлыға сөйлеп, үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру бойынша балалардың құзыреттілігін қамтамасыз ету, қорытынды мониторинг нәтижесі туралы сөйледі. Балалардың білімі, күнделікті оқу қызметтерінің өткізіліп отыруына, және талапқа сай жүргізілуіне байланысты жақсы көрсеткіштер көрсеткенін айта келе, күнделікті кіріктірілген ойын іс – әрекеттері жұмыстар жүргізілгенін айтты. Балалардың біліктілік деңгейлері индикаторлар жүйесі бойынша анықталып, аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің жіберген сілтемесіне толтырылды. Бөбекжай бойынша үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру деңгейі жоғары деңгей 52%, орта деңгей 35%, төмен деңгей 13% көрсеткіш болғанын айтып, әрі қарай да келесі оқу жылына да педагогтарға шығармалық ізденістерде болуды ұсынды.

Сөйледі : күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша меңгеруші Буркитбаева Элмира Дәулетқызы сөйлеп, педагогтардың қазіргі уақыттағы біліктілік санатын жоғарылатуы немесе растауы туралы сөйледі. Біліктілік санатына мерзімі жеткен тәрбиешілер бірінші электронды портфолиоға құжаттар жүктеу керектігін, екінші турында тест тапсыруға баратыны жайлы айтты. Электронды портфолио жүктеу және тест тапсыру уақыты аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімі тарапынан хабарланатынын айтты.

Сөйледі : күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша әдіскер Тасымбекова Қарлыға сөйлеп, жаз мезгілінің күн тәртібімен, оқу қызметтерінің кестесі және ойын-сауық жоспарымен таныстырды.Жаз мезгілінде балалармен өткізілетін ойын – сауықтар жоғары деңгейде, қызықты, кейіпкерлер қатысу арқылы, түрлендірілген әр түрлі ойындар ойнатып, балаларды ойната отырып, дамыту қажеттігін айтты.Сонымен қатар шынықтыру шаралары бекітілген күн тәртібі бойынша, талапқа сай, әрі медбикенің нұсқаулығымен жүргізуді айтты. Педагогтар жаз мезгілінің сауықтыру іс-шараларының жоспарымен танысып,өз ойларымен бөлісті. Жаз мезгілінің жұмыс жоспары бекітілсін деген ұсынысты түгел қолдады.

Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. №4 педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы «жақсы» деп бағалансын.
2. 2022- 2023 оқу жылында жүргізілген жұмыстар «жақсы» деп бағаланып, келесі жаңа оқу жылының міндеттері оқу жылының қорытындысы бойынша алынсын.
3. Бес білім беру саласы бойынша балалардың білімінің қорытындысы «жақсы» деп бағаланып, оқу - тәрбие жұмыстары жалғастырылсын.
4. Педагогтардың біліктілік санатына өтініштер беру үшін, электронды портфолиоға тіркеліп, құжаттары жүктелінсін.
5. Жазғы мезгілінің күн тәртібі, оқу қызметтерінің кестесі, ойын-сауық жоспарлары бекітілсін.

Педагогикалық кеңес төрайымы:
Хатшы:



Э.Д.Буркитбаева
Қ.Н.Тасымбекова